

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Мемлекеттік сатып алу бөлімі	Тұрақты сатып алу саясаты	Редакция 1
			1 / 5 бет

БЕКІТІЛДІ
Басқарманың шешімімен
2025 ж. « 03 » Наурыз бастап
хаттама № 4

Тұрақты сатып алу саясаты «С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ

Жарамдылық мерзімі « 03 » <u>Наурыз</u> 20 <u>25</u> ж. « __ » _____ 20__ ж. дейін	Ұзарту мерзімі « __ » _____ 20__ ж.	Күйі: Күшін жоймаған ✓ Ескірген
Бұрынғы ескірген құжат: Ректордың бұйрық нөмірі № _____ от « __ » _____ 20__ ж.	Құжатты басқаруға жауапты тұлғаның қолы	Код № Көшірме № Нұсқа №

Алматы қ.
2025 ж.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Мемлекеттік сатып алу бөлімі	Тұрақты сатып алу саясаты	Редакция 1
			1 / 5 бет

КІРІСПЕ

Осы Тұрақты сатып алу саясаты (бұдан әрі – Саясат) С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» (бұдан әрі – Университет) үшін барынша қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететін жеткізушілерді бәсекеге қабілетті және әділ таңдау арқылы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды басқарудың тиімді жүйесін құру мақсатында әзірленген.

Университет Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алу, дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу, ғылыми зерттеулерге сатып алу саласындағы Саясатты жүзеге асырады.

Саясат тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың және Университет атынан жасалған шарттарды (келісімшарттарды) жасасудың, өзгертудің, бұзудың, есепке алуды ұйымдастырудың, сақтаудың және шарттық міндеттемелердің орындалуын бақылаудың бірыңғай тәртібін белгілейді. Саясат әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілерді ескере отырып, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу негізінде тұрақты дамуды қамтамасыз етуге бағытталған.

ПРИНЦИПТЕР

- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;
- Тауарларды, қызметтерді немесе жұмыстарды сатып алу кезінде қаржылық, экологиялық және әлеуметтік мәселелер арасында тиісті теңгерімге қол жеткізуге ұмтылу;
- Сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге қажеттілікті негіздеу;
- Отандық тауар өндірушілерді қолдау, әлеуметтік жауапкершіліктің басымдығы және сатып алу рәсімдерін жүзеге асыруда экономикалық тиімділік;
- Жеткізушілер арасындағы адал бәсекелестік;
- Сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы;
- Сатып алу субъектілерінің жауапкершілігі;
- Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен мүдделер қақтығысының алдын алу.

БАҒЫТЫ

Қауіпсіздік пен теңдік стандарттарын сақтау сияқты адам құқықтары мен еңбек жағдайларын ескеру. Отандық тауар өндірушілерді қолдау және шағын кәсіпкерлікті дамыту. Сатып алуға әлеуметтік бағытталған кәсіпорындарды (мүгедектер ұйымдарын) тарту. Әртүрлі және инклюзивті жұмыс ортасын құру, әділ қарым-қатынас пен барлығына тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Барлық тиісті еңбек құқықтарымен бірге халықаралық деңгейде танылған адам құқықтарын, біздің қызметіміздің барлық барысында және жақсы және сындарлы қарым-қатынастарды сақтау кезінде құрметтеу. Бюджет қаражатын пайдалануды оңтайландыру. Ұзақ мерзімді шығындарды азайтатын инновациялық шешімдерді қолдау. Нарықтағы ашықтық пен бәсекелестікті арттыру.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»	
	Мемлекеттік сатып алу бөлімі	Тұрақты сатып алу саясаты
		Редакция 1 1 / 5 бет

Тұрақты сатып алу қоршаған ортаны және жалпы қоғамды қорғауға сәйкес келетін спецификацияларды, талаптарды және критерийлерді біріктіреді.

РӘСІМДЕР ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Жеткізуші рейтингі:

- Жабдықтаушыларды таңдау және бағалау кезінде біліктілік талаптарын қолдану.

Оқыту және дамыту:

- Сатып алу процесіне қатысатын қызметкерлер үшін тұрақты оқытуды өткізу.

Бақылау:

- Келісімшарттардың толық және дұрыс орындалуына мониторинг жүйесін әзірлеу.